

А.С. Әділова

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: adilova2010@mail.ru)*

Жаңа әліпби және тіл мүддесі

Түрлі объективті және субъективті себептерге байланысты соңғы жүз жылда үш рет әліпбиін ауыстырған қазақ жазуы қазір үлкен өзгеріс алдында тұр. Қазақ жазуын латын графикасына көшіру мезгілі жеткен мәселе екеніне Қазақстан қоғамында болып жатқан талқылаулар дәлел бола алады. Дүниежүзіндегі халықтардың басым бөлігі пайдаланып отырған латын графикасына жазуларын көшіру мәселесі шалғай шетел мен таяу шетелдерде дүркін-дүркін көтеріліп отырады. Ал қазақ тілі жазуын латын графикасына ауыстыру себептерінің бірі ретінде қазақ тілі дыбыстарын кирилл әрпімен таңбаланатын дыбыстар образынан ажыратуға, дыбыс үндестігін сақтауға мүмкіндік беретінін атауға болады, яғни бұл қазақ тілін өзгетілді аудиторияда оқытуды жеңілдететін педагогикалық, лингвистикалық себеп ретінде атала алады. Жаңа емле ережелерін нормативтік акт ретінде бекіту қажеттігі байқалады.

Кілт сөздер: қазақ жазуы, латын графикасы, тілдік жағдаят, емле ережелері, әлеммен интеграцияны жеделдету.

Жазу – тілді жаңғыртудың, орнықтырып, бекітудің құралы. Сол себептен де әр ұлттың тілі өзінің даму тарихында жазудың ең қолайлы, тиімді, үнемді, оңай игерілетін түрін қолдануды мақсат етеді.

Қазақ әліпбиі де түрлі себептерге байланысты соңғы 100 жылдың мұғдарында бірнеше рет өзгерді. Тарихи бастауы көне сына немесе руникалық жазулармен тікелей байланысты қазақ әліпбиі дүние жүзіне кең тараған араб, кирилл, латын графикасын пайдаланып келді. Аталған графикаларды пайдалану туралы шешімнің әрқайсысы қабылданған кезде қазақ қоғамының жағдайы түрліше болғаны аян. Түркі халықтары бірнеше ғасыр қолданған араб жазуын жетілдірген А.Байтұрсынұлы ұсынып, біраз уақыт қолданыста болған төте жазу сол кездегі қазақ зиялылары мен жаңа оқып жатқан жастардың іс-әрекетін, пікірін, ұлттық сананың өзгеруін бір арнаға бағыттаушы күш, құрал ретінде қызмет атқарса, одан кейін латын және кирилл таңбасын қабылдау идеологиялық, практикалық мақсатты көздейтін, жоғары биліктің араласуынан туындаған таза саяси шешім болды. Соған қарамастан, қазақ халқы аталған әліпбилерді тез меңгеріп, жазу арқылы өзінің мәдени, рухани құндылықтарын жарыққа шығарып отырғаны белгілі.

Ұлттық тілімізді сақтау, әлеммен интеграцияны жеделдету мақсатында қазақ жазуын латын графикасына көшіру туралы пікірлер билік тарапынан алғаш айтылғалы да 10 жылдан аса уақыт өтті. Ал бұл уақытта кезінде Совет Одағында болған түркі тілдес халықтардың біразы өз жазуын латиницаға ауыстырғанына да 6-7 жыл болған еді.

Зерттеушілер жазуды жаңа әліпбиге көшірудің мәдени-әлеуметтік, лингвистикалық, экономикалық, саяси, психологиялық, тарихи, ақпараттық, педагогикалық себептері болатынын көрсетеді. Осы орайда қазақ жазуын латын графикасына көшіру де мезгілі жеткен мәселе екеніне қазіргі Қазақстан қоғамында болып жатқан талқылаулар дәлел.

Алғаш академик Ә. Қайдардың қазақ жазуын латын графикасына көшіру туралы мақаласы қоғамда әрқилы пікірлер тудырып, тілші-ғалымдардың ой-тұжырымдары көптеген ғылыми-көпшілік, ғылыми басылымдарда жарияланған еді. 2006 жылы ресми түрде қозғалған соң бұл мәселе туралы пікірталас қыза түсті, оның дәлелі – 2007 жылы шыққан «Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы» атты жинақ [1]. Осы жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің арнайы құрылған комиссиясы қазақ тілін латын графикасына көшіру туралы талдамалық анықтама дайындап, бұл өзгеріске жұмсалатын қаржы көлемін жобалап көрсетті. Одан кейін де латын графикасына көшу мәселесі билік тарапынан екі мәрте көтеріліп, қазақстандықтар арасында қызу талқыланды. Ал 2017 жылдың қыркүйегінде ұсынылған латын графикалы қазақ әліпбиі медиакеністікте, әлеуметтік желілерде ешкімді бейжай қалдырмағаны да мәлім. Осы талқылаулардың мазмұны бұдан 10 шақты жыл бұрын белгілі ғалым Н. Уәли көрсеткен латын графикалы қазақ жазуының апологеттері мен оппоненттерінің уәждерінен аса алмағанын көрсетіп отыр [1, 2].

Готикалық, соның негізінде пайда болған классикалық латын әліпбиін қазіргі кезде әлем халықтарының басым бөлігі пайдаланып отыр. Тіпті сакралды мәтіндер жазылған араб тілі де қазір ішінара латын қаріптерін пайдаланатыны белгілі.

Жазуды өзгерту, жаңа әліпбиге көшіру немесе әліпбиді жетілдіру тек Қазақстанда ғана емес, басқа мемлекеттерде де жүзеге асырылып жүргені жасырын емес, мәселен, өзіміз ұзақ уақыт пайдаланып келген кириллицаны латын графикасына алмастыру туралы пікір Ресейде де айтылғаны тарихи факт, яғни 1929 жылы РСФСР Халық ағарту комиссариаты орыс алфавитін латын таңбасына көшіру жөнінде комиссия құрып, 1930 жылы оның жетекшісі профессор Н.Ф. Яковлев өз мақаласында орыс жазуының үш нұсқасын ұсынды, сондай-ақ бұл мәселе 2000 жылдардың басында көтерілгені де ақиқат [3].

Қазір жер шарының басым бөлігінде оқытылып, халықаралық, этносаралық тілге айналған ағылшын тілінің әліпбиі жаңа технологиялардың пайда болуымен байланысты XX ғасырда жетілдірілгені де шындық. Осы жерде атақты Б.Шоу ағылшын тілінің жазуын жеңілдету, оңтайландыру, жетілдіру үшін жаңа әліпби жасаушыларға 5000 фунт стерлинг мұраға қалдырғанын айта кетсек те болады, яғни қазіргі кезде дүние жүзіне кең тарап, ресми және бейресми түрде әлем тілдерінің бірі де бірегейіне айналып отырған тілдің өзі белгілі бір кезеңде белгілі бір тұрғыда жетілдіруді қажет еткені байқалады. 2017 жылдың сәуір айында украин әліпбиінің латын графикасындағы нұсқасы тәжірибе ретінде ұсынылды. Сондай-ақ бұл идея алыс шетелдерде де оқтын-оқтын көтеріліп қоятыны бұқаралық ақпарат құралдарынан белгілі. Мәселен, жазуларын латын графикасына көшіру мақсатында Қытайда 1958 жылы пиньинь цыму нұсқасы ұсынылды, яғни шетелдіктерге қытай тілін үйретуді жеңілдету мақсатында қытай фонетикалық әліпбиі қабылданып, иероглифтер латын әріптерімен таңбаланды. Бұл жүйе 1982 жылы қытай иероглифтерін латын әріптерімен таңбалау үшін халықаралық стандарт ретінде бекіген, ал мұның өзі қытай тілін әлемдік деңгейде таратуға, үйретуге кеңінен жол ашты.

Ал Жапонияда иероглифтерді латын әріптерімен таңбалау жүйесі ромадзи деп аталған әрі ол 1548 жылы алғаш пайда болған. Бұл жазу түрлі саяси, әлеуметтік, этноидентификациялық себептерге байланысты бірнеше рет өзгерді. Елдің дүниежүзілік экономикалық үдерістердің көшбасшысы ретінде танылуына байланысты, жапон тілін шетелдік азаматтарға үйретіп, меңгертуді жеңілдету мақсатында бірнеше халықаралық стандарт жасалды, нәтижесінде Нихон сики, Кунрей сики аталатын екі нұсқа жекелеген секторларда қолданылады, жапон атаулары халықаралық деңгейде осы нұсқалармен таңбаланады.

Сонымен, қазақ әліпбиін соңғы деректері бойынша, дүние жүзінде тек 12 мемлекет қана қолданатын кириллицадан барлық құрлықта көптеген халықтардың жазу жүйесіне негіз болған латын графикасына көшіру туралы шешім қабылданды.

Қазақстан – қазақ ұлтынан басқа көптеген ұлттар мен ұлыс өкілдері тұратын мемлекет. Бұл күндері өзіне тән қалыптасқан әлеуметтік-коммуникативтік жүйесін әр алуан қызметтегі 128 тіл құрайды. Егер осы тілдерді қоғамдық өмір салаларындағы қызметі мен орнына, сөйлеушілер санына қарай топтар болсақ, онда еліміздегі тілдік жағдаят 4 тілдік топпен сипатталады. Олар: мемлекеттік тілді ұстанушылар; ұлтаралық қатынас тілі мәртебесіне ие, қазір де көптеген салаларда мемлекеттік тілмен қатар ғана емес, одан да жиі қолданылатын орыс тілін қолданушылар; қоғамдық қызметі аясы алғашқы екеуінен тар, жекелеген облыс, аудан көлемін тығыз қоныстанған кейбір этностар тілі; тек тұрмыстық-отбасылық деңгейде қолданылатын тілдер. Соңғы екі тілдік топқа ана тілдері генетикалық жағынан қазақ тілімен туыс түркітілдес халықтардың өкілдері де кіреді. Аталған тілдік топтар мүшелерінің қазақ тілінің латиницаға көшірілуіне қатысты аландаушылық білдіретіні заңды, дегенмен бұл олардың конституциялық құқығына кедергі келтірмейді, себебі оқу орыс тілінде жүретін білім мекемелері мен орыс тілінде шығатын БАҚ-та кириллица біраз уақыт сақталатыны сөзсіз.

Қазақ жазуын латын графикасына көшіру тарихи, саяси, әлеуметтік себептерге байланысты шартарапқа шашырай орналасқан қазақтардың өзара қарым-қатынас жасауына, рухани, мәдени тұрғыда туған жерінде өмір сүріп жатқан қандастарынан ажырап қалмауына, ғылым көшінін басында тұрған әлемдік ғылыми, технологиялық, инновациялық үдерістерден тыс қалмауға, түркі тілдес халықтармен бір ақпараттық кеңістік құруға, қазақ тілін үйренушілер психологиясындағы кедергілерді жоюға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді үйрету мәселесі өткір қойылып отырғаны белгілі. Мұның шешімін табудың бір жолы да осы латын таңбаларына көшу деген пікірдеміз.

Өткен ғасырдың 40-жылдарынан бастап қолданылып келе жатқан кириллицаның қазақ тілінің дыбыс жүйесіне, емлесіне, сөз сазына, үндесіміне тигізген зияны күнделікті өмірде жиі кездеседі. Бұл орайда сөз ішіндегі бір буынның ерекше айтылуына, яғни бір буынға екпін түсетініне үйренген орыстілді адамға тән фонетикалық құбылыс *аканье* елімізде тұратын орыстілді тұрғындар ғана емес, қазақтілді отандастарымыздың сөзінде берік орныққаны байқалады, яғни түрлі топонимдер, материалды дүниенің атаулары, кірме сөздердің бірінші буынындағы *о* дыбысы *а* ретінде дыбысталып жүр, мысалы, *Москва – Масква, Тойота – Тайота, орфография – арфаграфия* т.б. Тек өзге тілдерден ауысқан кірме сөздер ғана емес, байырғы қазақ сөздері де осындай өзгеріске ұшырау нәтижесінде өз мағынасынан айрылып, ұлттық сипатын жоғалтып жүргені де жасырын емес, мәселен, *Оспан – Аспан, Олжас – Алжас, Шолпан – Шалпан, Сораң – Сарань*, ал кейбір сөздер тіпті екі мәрте осындай дыбыстық бұрмалауға ұшыраған: *Төкен – Токен – Такен; Өміргүл – Омиргүль – Амиргүль*. Осындай фонетикалық бұрмалаумен беріліп жүрген *Ақан сері – Ахан серэ, Ақтөбе – Актюбе, «Таңсарі» – «Тансари»*, басқа да онимдерді атауға болады. Бұл адам санасында күрделі психологиялық үдеріс нәтижесінде қалыптасқан бір тіл, яғни орыс тілі, дыбысының образын екінші тіл – қазақ тілінің дыбысына көшіру немесе орнына жұмсау нәтижесінде пайда болған бұрмалаулар, ал бұл дегеніміз – ұлттық тіл мүддесіне қайшылық.

Осыған байланысты 1926 жылы түркологтердің Бакуде өткен I съезінің қарарын еске түсіруге болады. Онда түркі тектес халықтардың жаңа әліпбиін жасау барысында төмендегі мәселелерді ескеруге шешім қабылданған еді:

- орыс графикасының әріптерін алмау;
- қосар әріп алмау;
- диакритикалық белгі алмау;
- бірдей дыбыстарға әріп алмау;
- жіңішке дауыстыны таңбаламау;
- кірме сөздерді айтылуы бойынша игеру;
- кірме сөздерді түпнұсқа тілдегі түрінде алу;
- кірме сөздер үшін таңба алмау;
- кірме сөздерді үндестік заңына бағындыру;
- халықаралық сөздердің соңындағы дауыстыларды қысқарту;
- кірме сөздерде *о* әрпі тұрса, оны [о] дыбысы етіп айту [4].

Бұл шешім сол кездің өзінде Совет үкіметінің қатаң бақылауында болса да, орындалмағаны байқалады, оған дәлел — Н. Төреқұловтың, Х. Досмұхамедовтің және 1929 жылы бекітілген қазақ әліпбилері. Аталған ережелердің соңғысының сол кезде де, кейін кириллицаны қабылдаған кезде де сақталмауы қазір қазақ тілінің, жоғарыда көрсетілгендей, орыс орфоэпиясын пайдалануына әкелгенін байкатады.

Әрине, ол кездегі жағдай мен қазіргі қазақ қоғамының латын графикасына ауысу кезіндегі сауаттылық, білім беру деңгейін, педагогикалық-әдістемелік мүмкіндіктерін, ақпараттық, техника-технологиялық, экономикалық әлеуетін салыстыруға келмейтіні ақиқат, алайда қазақ тілінің емле ережелерін жасағанда ескеретін мәселелердің бірқатарын осы құжаттан байқауға болады.

Қазақ тіліне сөз ішіндегі, сөз бен сөз арасындағы дыбыс үндесімі тән болса да, қазір сөйлеуде орфографияны сақтау жиі кездеседі, мәселен, *қашан гелдің? Кім гелді?* деудің орнына жазылуына сәйкес *Қашан келдің? Кім келді?* деп дыбыстау қазақ тілінің әуезділігіне нұқсан келтіретіні сөзсіз.

Кирилл таңбасы халқымыздың ұлттық танымын, мүддесін аяқасты етіп жүргенінің бір көрінісін қазіргі Интернеттен байқауға болады. Қазақстан кеңістігінде кеңінен қолданылатын Mail.ru желісі қазақ сөздерін автоматты түрде орыс тілінде септеп жібереді, мәселен, *«Вы знакомы с Улыкбьком Есдаулетовым, Аркой Ақшамы?»*, яғни сөз тіркесімен берілген газет атауындағы алғашқы компонент сыртқы тұлғасына байланысты женский родта қабылданып, септелген. Тағы бір мысал – *«Вы знакомы с Шіркін Қазақтың тойына не жетсіном, Сағындыком Абильгазином и ещѐ 5?»*. Келтірілген мысал да жоғарыда аталған құбылыстың бір түрі, тек техникалық деңгейде, яғни сөздің сыртқы тұлғасына байланысты грамматикалық категория көрсеткіші жалғанып тұр. Ал мұның өзі кириллицаны пайдаланып отырған қазақ сөздерін техника танып біле алмайды деген сөз. Дәл осы сөз тіркесі мен сөйлем латын графикасымен берілсе, мұндай қателік жіберілмес еді.

Жылжымалы екпінге ие орыс тілінің әсерімен қазір қазақ тіліндегі сөздердің, әсіресе антропонимдердің дыбысталуында екпіннің ауысуы байқалады, мәселен, *Жазира* есімінің соңғы буынына түсетін екпін қазір екінші буынға ауыстырылып айтылып жүр. Туыстық атауларды білдіретін сөздерге орыс тілінің еркелету-кішірейту мәнді жұрнақтарын жалғап қолдану да кең тараған құбылыс.

Аталған мәселелерді қазақ жазуын латын графикасына көшірудің лингвистикалық және педагогикалық себептерінің бір тармағы ретінде тануға болады.

Қазір республика жұртшылығы латын таңбасындағы қазақ жазуының ресми билікке ұсынылған үш нұсқасымен таныс. Осы орайда латын графикасына негізделген қазақ жазуының посткеңестік кезеңдегі алғашқы нұсқалары XX ғасырдың 90-жылдары ұсыныла бастағанын айту кету керек, оларда дыбысты әріп, әріп тіркесі, диакритикалық таңба және дәйекше арқылы беру ұстанымдары басшылыққа алынды да, әліпби нұсқасын әзірлеушілер нақты бір тоқтамға келе алмады.

2017 жылдың 11 қыркүйегінде Ш. Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық координациялық-әдістемелік орталығының директоры Ербол Тілешов таныстырған қазақ жазуының жаңа нұсқасына 25 әріп енгізіліп, ол диграф жүйесіне негізделді. Осыған байланысты орфографиялық жаңа ережелер қабылдануы керек делінгенмен, осы нұсқаның өзі көп сұрақтар туындатты. Осы нұсқаны баспа мәтіндерде пайдалануда басы артық диакритикалық белгілер болмайтындықтан, көзбен көріп, қабылдауда нейробиологиялық кедергі болмайды әрі экономикалық тұрғыдан тиімді дегенмен, аталған нұсқа қазақ ұлтының жазба коммуникациясына нұқсан келтіретіні, яғни қазақжазулы адамның көзшалымы сөзді әріп тіркесі ретінде қабылдайтындықтан, диграфтар мәтінді қабылдауды қиындататыны ескерілмеді.

Қазақ жазуын латын графикасына көшіру үшін тек ағылшын тіліндегі пернетақтаны ғана емес, неміс клавиатурасының жекелеген таңбаларын да, мәселен, біздің төл дыбысымыз «ө-ге» ұқсайтын дыбыстың таңбасын — умлаут белгісін (Österreich – Австрия, lösen – шешу, böse – ашулы, das Öl – май) пайдалануға болушы еді. Сондай-ақ *ә*, *ү*, *ұ* дыбыстарын да жеке әріп немесе диакритикалық белгімен берген дұрыс әрі бұл техникалық тұрғыдан қиын шаруа емес болса да, жаңа әліпби ұсынушылар бұған аса назар аударма қоймады.

2017 жылдың қазанында апострофқа негізделген екінші нұсқада әріптер саны алғашқысына қарағанда көбейгенмен, ол да қазақ тілінің дыбыстар құрамына қатысты дүдәмалды жоя алмағаны соңғы кездегі пікір, талқылаулардан байқалып отыр.

Бұл әліпбидегі 9 таңбаның апострофпен берілуі психологиялық, семантикалық және технологиялық тұрғыдан сөздің тұтастығын бұзып, оқуды қиындатады әрі баспа мәтінді оқуға медициналық тұрғыдан қолайсыз, көзді тез шаршатады.

Ал ҚР Президенті Жарлығымен бекітілген үшінші нұсқада диакритикалық белгі арқылы және диграфтар арқылы таңбаланған 32 әріп бар, ол алдыңғы екі нұсқаға қарағанда едәуір жетілдірілген деп есептеледі.

Қалай дегенмен де, бұл әліпби қолданысқа енгізілмей тұрып, қазақ тіліндегі дыбыстар саны нақтылануы тиіс, кірме сөздердің дыбысталуы мен жазылуы (*ashana* – *асхана* әлде *ашана*), бұрын сөз мағыналарын саралау (дифференциациялау) үшін қолданылған әріптерді таңбалау (*hat*, *qat*) мәселесі шешілуі қажет, емле ережелері түзілуі керек.

Қазіргі кезде мектеп, орта арнаулы және жоғарғы оқу орындарында қазақ тілінің дыбыстар жүйесі түрліше көрсетілген, мәселен, орта мектепте 12 дауысты, 26 дауыссыз, жоғары оқу орны бағдарламасында 12 дауысты, 25 дауыссыз делінеді. Ал «Қазақ грамматикасында» қазақ тілінің дыбыс жүйесін 9 дауысты, 17 дауыссыз дыбыс құрайтыны әрі ол эксперименталды түрде нақтыланғаны келтірілген, яғни ғылыми зерттеу нәтижелері орта мектеп пен орта арнаулы оқу орындарында айтылмайды деген сөз, сондықтан латын графикалы қазақ әліпбиі үшін бұл айрықша маңызды.

Сондай-ақ қазақ жазуын кирилл таңбасына көшіру барысында қабылданып, қазірге дейін әр деңгейдегі оқулықтардағы қазақ тілі дыбыс құрамын анықтауда, емледе қиындық тудырып отырған и әрпін атап айту керек. Бұл әріптің түрлі дыбыстар тіркесімін беретініне қарамастан, ол мектеп және орта арнаулы білім бағдарламасында дауысты дыбыстардың қатарында аталып, кейде дауыссыздың қызметінде жұмсалады делініп, ғылымның соңғы тәжірибелік нәтижелеріне қайшы болса да, тіл үйретуде, сауатты сөйлеу, жазуда қиындықтарға ұшыратып отырғаны белгілі.

Соңғы кездері орталық басылым беттерінде, қалың көпшілік арасында айтылып жүрген ұсыныстың бірі – кірме сөздерді айтылуы бойынша, қазақ тіліне барынша бейімдеп алу, мәселен,

режім, станса, мәйкі т.б. Мұндай сөздердің ауызекі сөйлеуде өзгеріске түсетіні дұрыс, бірақ жазба коммуникацияда бұлардың бұрмаланып жазылуы қазақ тілінің жетілуіне, мәдениетінің ілгерілеуіне қаншалықты ықпал етеді? Емлеге қатысты жаңа ережелерді түзу барысында бұл да ойланатын сұрақ.

Жалпы, емле ережелері де қазақ тілі графикасының ауысуына (1912, 1929, 1940 жж.) байланысты XX ғасырдың I жартысында бұқаралық ақпарат құралдары бетінде, үлкенді-кішілі жиналыстарда мұғалімдер, оқытушылар, филолог-мамандар, қалың жұртшылықтың қатысуымен талқыланып, түрлі ұсыныстар айтылғаны мәлім. Қазақтың байырғы сөздерінің, жекелеген қосымшалардың, біріккен, басқа да күрделі сөздердің, терминдердің, кірме бірліктердің жазылуына қатысты ұсыныс-пікірлер жинақталып, тек 1957 жылы ғана Қазақ ССР Жоғары Советінің Президиумы бекіткен «Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелері» қабылданып, ол 1983 жылы толықтырылып қайта бекітілді. Ұзақ уақыт бойы бұл ережелердің қолданылуы міндетті болып, қалың көпшіліктің сауаттылығына, тіл мәдениетінің жетілуіне, тіліміздің нормалануына игі әсер еткені анық. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында тіл дамуымен, орыс орфографиясының ықпалымен қазақ тілінің емле ережелерінде де қайшылықтар көбейе бастады, ал бұл көп жағдайда соңғы шыққан орфографиялық сөздіктерге сүйену халық көкейінде көптеген сұрақтардың туындауына, жазуда емле ережелерінің сақталмауына, халық сауаттылығының төмендеуіне әкеліп отыр деуге болады. Қазақ тілінің латын графикасына ауысуына байланысты жасалатын емле ережелері де талқыланып, бір ізге түскен соң үкімет тарапынан нормативтік акт (*заң, қаулы, кодекс*) ретінде қабылданса, көптеген сұрақтардың шешімі табылар еді.

Қорыта айтқанда, қазақ тілін латын графикасына көшіру аса маңызды реформа болғандықтан, оны жүзеге асыруда аталған мәселелерді нақты шешу жолдары жан-жақты зерделенгені дұрыс.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. — Алматы: Арыс, 2007. — 410 б.
- 2 Тлешов Е.Е. Әліпби таңдау: тіл табиғатын сақтау, түркілік тұтастық және әлемдік ақпараттық кеңістік / Е.Е. Тлешов // Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері: халықарал. ғыл.-әдіст. конф. материалдары. — Көкшетау, 2017. — II-т. — 351–357-б.
- 3 Алпатов В.М. Русская латиница Н.Ф. Яковлева / Научный диалог / В.М. Алпатов. — Екатеринбург: Центр научных и образовательных проектов, 2015. — № 3(39). — С. 8–28.
- 4 Күдерінова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері / Қ. Күдерінова. — Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту орталығы, 2010. — 380 б.

А.С. Адилова

Новый алфавит и интересы языка

Казахская письменность, поменявшая графику три раза в течение последних 100 лет вследствие различных объективных и субъективных причин, стоит перед большой реформой. Обсуждения в казахстанском обществе свидетельствуют о том, что перевод казахской письменности на латиницу — давно созревший вопрос. Проблема перевода своей письменности на латинскую графику, используемую большинством народов всего мира, время от времени поднимается в дальнем и ближнем зарубежье. Одной из причин перевода казахского алфавита на латинскую графику можно назвать изменение образа звуков казахского языка, которые закреплены в сознании обучаемых как звуки русского языка, а также возможность сохранения гармонии звуков. Это, в свою очередь, облегчит обучение иноязычных граждан казахскому языку. Необходимо законодательно закрепить новые орфографические правила.

Ключевые слова: казахская письменность, латинская графика, языковая ситуация, орфографические правила, ускоренная интеграция с миром.

A.S. Adilova

New alphabet and interests of language

The Kazakh writing which has changed graphics three times within the last 100 years owing to various objective and subjective reasons faces big reform. Discussions in the Kazakhstan society demonstrate that the

translation of the Kazakh writing into Latin - long ago the ripened question. The problem of the transfer of the writing to the Latin graphics used by most of the people of the whole world time from times rises in the foreign and neighboring countries. One of the reasons the translation of the Kazakh alphabet on Latin graphics it is possible to call change of an image of sounds of Kazakh which is fixed in consciousness of trainees as Russian sounds, and also a possibility of maintaining harmony of sounds. It in turn will facilitate training of foreign-language citizens in Kazakh. It is necessary to fix new spelling rules legislatively.

Keywords: Kazakh writing, Latin graphics, language situation, spelling rules, accelerated integration with the world.

References

- 1 Latyn hrafikasy nehzindehi kazak alipbii: tarikhy, tahylymy zhane bolashahy (2007). [The Kazakh writing on the basis of Latin graphics: history lessons, and and its future]. Almaty: Arys [in Kazakh].
- 2 Tleshev, E.E. (2017). Alipbi tandau: til tabihatyn saktay, turkilik tutastyk zhane alemdik akparattyk kenisty [To the alphabet to choose: Language nature of integrity and storage, Turkic world information space]. «Kazak til biliminin ozekti maseleleri»: khalykaralyk hylymi-adistemelik konferentsiianyn materialdary [«Kazakh linguistics» Current problems: international scientific and methodical conference materials]. (Vol. II). Kokshetau [in Kazakh].
- 3 Alpatov, V.M. (2015). Russkaia latinitsa N.F. Yakovleva [Russian Latin of N.F. Yakovlev]. Nauchnyi dialoh [Scientific dialogue]. (No. 3(39)). Ekaterinburg: Tsentr nauchnykh i obrazovatelnykh proektov [in Russian].
- 4 Kuderinova, K. (2010). *Kazak zhazyuynyn teoriialyk nehzideri* [On Kazakh records theoretical bases]. Almaty: Memlekettik tildi damytu ortalyhy [in Kazakh].